

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

«БЕКІТЕМІН»

Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институтының
ректоры

Қ.М.Баймырзаев
«03» Қызытар 2013 ж.



ФАКУЛЬТЕТТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БЮРОСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

П ҚМПИ -09-01

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілді	Келісілді
	П ҚМПИ – 09-01	екінші	Н.Ю. Кифик	М.Ә. Төлеген	Т.С.Баянов

(Handwritten signatures in blue ink are present over the table cells, corresponding to the names in the table.)

Қостанай қ, 2013 жыл

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	Екінші басылым
Факультеттің әдістемелік бюросы туралы ереже	П ҚМПИ 09-01	Беті: 2

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 644 бұйрығымен бекітілген «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің типтік ережелері» мен Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының Жарғысына сәйкес факультеттің оқу-әдістемелік жұмысын алқалық басқару түрі факультеттің әдістемелік бюросы болып табылады.
- 1.2. ФӘБ факультеттегі оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыруды үйлестіру мен жетілдіру және ҚР Мемлекеттік білім беру стандарты талаптарына сай білім сапасын арттыруға бағытталған мақсатта құрылады.

2. ФӘБ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

- Факультеттің әдістемелік жұмысының басым бағыттарын анықтау.
- Факультеттегі оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру.
- Қолданыстағы технологиялар, әдістер мен оқыту құралдарын жетілдіру және жаңа технологиялар, әдістер енгізу.
- Оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер, оқу құралдары мен басқа да материалдарды басып шығаруға ұсыныс дайындау, сараптаманы жоспарлау, ұйымдастыру.
- Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді қорыту және тарату.
- Факультеттің профессор-оқытушылар құрамының кәсіби шеберлігі мен біліктілігін арттыру.
- Факультеттің оқу бөлімшелерінің әдістемелік қызметін үйлестіру.
- Оқытушылардың әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастыру.
- Мамандықтардың әдістемелік комиссиясының жұмысын қадағалау.

3. ФӘБ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

- 3.1. Факультеттегі әдістемелік жұмыстардың мазмұнын, әдісін және түрін жаңарту жолдарын анықтау;

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	Екінші басылым
Факультеттің әдістемелік бюросы туралы ереже	П ҚМПИ 09-01	Беті: 3

- Оқу үдерісіне жаңа технологиялар, халықаралық танылған кредиттік оқыту технологиясын, оқытудың автоматтандырылған жүйесіненгізу;
- Оқытудың жаңа әдістері мен сабақ түрлерін әзірлеу (іскерлік ойындар, пәндік оқыту, кейстік технология, Интернет-технология және т.б.);
- Факультет оқытушыларына оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдары, электрондық оқулықтар дайындауға көмек көрсету;
- Оқу жоспарлары мен бағдарламаларды құрастыруда мазмұнын жаңарту мен пәндерді біріктіру жөнінде ұсыныс дайындауға қатысу.

- 3.2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларын сараптау жұмыстарын ұйымдастыру.
- 3.3. Педагогикалық инновацияны сараптама бағалау: авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік құралдар, білім беру технологиялары және т.б.
- 3.4. Факультетте ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар ұйымдастыру, өткізу.
- 3.5. Сабақ өткізуге және оны талдауға әдістемелік көмек көрсету мақсатында оқытушылардың ашық сабақтарын талдау.
- 3.6. Институттың ҒӘК жұмыстарына қатысу. Институттың ғылыми-әдістемелік кеңесінің жекелеген мәселелерін шешуге қатысу.
- 3.7. ҚМПИ ҒӘК қаулысын орындау.

4. ФӘБ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 4.1. Әдістемелік бюро құрамына деканат, кафедра өкілдері, факультеттің МӘК өкілдері, 3 жылға келісімшартқа отырған жетекші оқытушылар сайланады.
- 4.2. ФӘБ факультет Кеңесімен бекітіледі.
- 4.3. ФӘБ отырыстары 2 айда бір рет өтіп отырады.
- 4.4. Факультеттің әдістемелік бюросында келесі құжаттар болуы тиіс:
 - ФӘБ жұмыс жоспары (факультет Кеңесімен бекітіледі);
 - отырыс хаттамалары;
 - әдістемелік бюроның жұмысы туралы есеп көшірмелері;

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	Екінші басылым
Факультеттің әдістемелік бюросы туралы ереже	П ҚМПИ 09-01	Беті: 4

- оқу-әдістемелік құралдарды басып шығаруды жоспарлау.

4.5. Әдістемелік бюро факультет Кеңесі басшылығымен жұмыс істейді.